


ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ! ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты белгілі әдебиеттанушы, фольклортанушы ғалым, Қазақ ұлттық университеті қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының ұлағатты ұстазы Бисенбаев Пазылбек Қуанбайұлын 60 жасқа толған мерейлі жасымен шын жүректен құттықтайды!

Қымбатты Пазылбек Қуанбайұлы! Сіз 1990 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тәмамдағаннан бері ғылым мен білім саласынан, өзіңіздің туған университетіңізден еш қол үзбей, отыз жылдан астам уақыт әдебиеттану мен педагогика саласында талмай еңбек етіп, тер төгіп келесіз! Өзіңізді баптап ұшырған университетіңізге адалдығыңызбен, өз мамандығыңызға деген зор

жауапкершілігіңізбен үлкен еңбек жолынан өтіп, қасиетті қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының ардагер ұстаздарының қатарына қосылдыңыз. Сіздің жолыңыз – парасаттылық пен сабырдың, білім мен ғылымның, адалдық пен әділдіктің, мейірімділік пен қарапайымдылықтың жолы!

Ұзақ жылдар бойы өзіңіз сүйген Әдебиет атты әлемге, оның тарихына тереңдеп бойлап, ана тілімен қатар араб тілін меңгерген филолог-маман ретінде әдеби мұраларды түгендеу жолында еңбек еттіңіз. «Қазақтың көне эпосы», «Нысанбай жырау» жинағын, «Қазақ халық әдебиеті» сериясымен шыққан көптомдықтарды құрастырушылардың бірі болдыңыз.

Сіздің «Тарихи жырлар», «XIX ғасырдағы тарихи жырлар», «Кенесары–Наурызбай туралы тарихи-фольклорлық үлгілер», «Шығыстық қисса-дастандар: нұсқалары мен типологиясы», «Жүсіп туралы қисса-дастандар» атты оқу құралдарыңыз, «Қазақтың көне эпосы» кітабыңыз оқу үдерісінде кеңінен пайдаланылады. Қаламыңыздан туған «Жүсіп-Зылиха дастанының нұсқалары: дәстүр мен жаңашылдық» атты монографияңыз қазақ әдебиеттану ғылымына елеулі үлес болып қосылды.

Сіз абайтану ғылымының өркендеуіне де үлкен үлес қостыңыз. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, «Абай институтының хабаршысы» журналының ғылыми редакторы, институт веб-сайтының бас редакторы қызметтерін қатар атқарып келесіз. Абай ҒЗИ-да жарық көрген елу томдық «Абайтану. Таңдамалы еңбектерін» баспаға дайындаушы хатшылар тобының жетекшісі ретінде дайындау, құрастыру жұмыстарына белсене атсалыстыңыз. Сондай-ақ, балаларға арналған «Абай» кітапшасының құрастырушы авторысыз. Осындай қажырлы еңбегіңіз бағаланып, 2020 жылы ТҮРКСОЙ ұйымының Құрмет грамотасымен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталдыңыз.

Қадірлі ПАЗЫЛБЕК ҚУАНБАЙҰЛЫ! Абай ғылыми-зерттеу институты сізді мерейлі алты белесіңізбен шын жүректен құттықтай отырып, сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ұстаздық, ғалымдық еңбегіңізге жаңа шығармашылық табыстар, отбасыңызға бақ-береке тілейді.

Абай институтының ұжымы
17.07.2024